



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

COVID – 19

БІР ЖЫЛ (2020-2021)

16 наурыз
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ
ЖАРИЯЛАНДЫ

13 наурыз
АЛҒАШҚЫ
НАУҚАС

13 шілде
ҰЛТЫҚ АЗА
ТҮТУ КҮНІ

26 наурыз
АЛҒАШҚЫ
ҚҰРБАН

27 желтоқсан
ВАКЦИНА
ӨНДІРІСІ

1 ақпан
ВАКЦИНА
ЕҒУ БАСТАЛДЫ

ЖҰҚТЫРҒАНДАР
226767 (+1082)

САУЫҚҚАНДАР
208074 (+703)

КӨЗ ЖҰМҒАНДАР
2873 (+8)

ӨЛШЕМ

Жоғары оқу орнында білім алу ақысы орташа есеппен алғанда жарты миллион теңге. Бұл баға оқу сапасына сәйкес келе ме? Оқу ақысын төлеуді қиынсынып, сондай-ақ онлайн оқу сапасына көңілі толмай, жоғары оқу орнынан шығып жатқандар бар. Jas qazaq студент жастар арасындағы осы маңызды мәселе бойынша сауалнама жүргізді. Оған 300 студент қатысты. Оларға мамандық бойынша жұмыс табу, білім сапасы, оқу ақысы және университетті тастап кету себебі тәңірегінде сұрақтар қойылды.

ДИПЛОМ, ОНЛАЙН БІЛІМ ЖӘНЕ ОҚУ АҚЫСЫ



ТАЛДАУ

Мектеп бітіруші оқушының арманы – жоғары оқу орнына түсу. Сол жоғары білімді тәмамламай-ақ, оқудан шығып кететіндер жоқ емес. Жоғары оқу орнында білім алу қиындықтары біршама. Оның үстіне індеттің де біраз салмағы түскен сияқты. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша, биылғы 2020-2021 оқу жылына 152 789 адам қабылданды. Кейбір студенттер университетті тастап кеткен. Індет кезінде онлайн оқудың қиындығын көріп, оқудан шығып кеткен бұрынғы студенттің пікірін білдік. Толғанай (есімі өзгертілді) осыдан 3 ай бұрын оқудан шығып кетті. Оның басты себебі – оқудың сапасының төмендігі. Бұрынғы студент бұл жөнінде өкпе-ренішін былай жеткізді. «Интернет нашар ұстады. Қаланың қақ ортасында тұрсам да, Zoom «қатып қалып», оқытушылар не айтып, не қойып жатқанын түсінбедім. Бір жағынан, үй тапсырмасын үйіп-төгіп берді. Ал дедлайн уақыты өте аз. Тек қана тапсырма беріп, біз ол сабақты түсініп-түсінбеуімізге назар салмады. Көп оқытушылар сабаққа дайын емес. Лекцияны құр оқып берумен құтылып отырды. Оның үстіне әр ай сайын 2 500 теңгеге тариф салып отырдым. Бұл қосымша шығын. Карантин басталғанда менде ноутбук, вайфай болмады. Сол себепті телефоным тез қызып, сабақтардан «лақтырып жіберді». Жаңа оқу жылы тағы да онлайн болады деген соң, 160 000 теңгеге ноутбук сатып алдым, бұл тағы да шығын. Семестр біткен соң оқудан шығамын деп шештім, әрине, осыған дейін төлеген ақшамды аяймын. Бірақ денсаулығым мен үшін маңыздырақ».

Студенттердің көбін алаңдатқаны оқудың ақшасы. Сауалнама жүргізгенде, жастардың көбі онлайн уақытында оқу ақшасына ешқандай жеңілдік жасамады деп өкпелі. Білім және ғылым министрлігі «Оқу ақшасына жеңілдікті әр университет өзі шешеді» деп ұйғарыпты. Мұны ескерген жоғары оқу орындары болмапты.

ТҮЙІН

Бәсекеге қабілетті, көзі ашық, көкірегі ояу жас маман болу үшін, білім сапасын көтеріп, соған лайық оқу ақшасын тағайындау қажет. Студент білім алу барысында қаржы мәселесі, оқытушының бағдарламаға ілесе алмауы сынды мәселелерге бас қатырмауы керек. Құзырлы министрлік жоғары оқу орнында білім беру сапасын арттыруға міндетті. Білім – қолжетімді, шығармашылыққа толы, ойлау қабілеті жоғары, адамгершілік, патриоттық қасиеттері бар, рухани бай тұлға болуға жетелеуі тиіс. Дамыған заманда сын-пікірлерді ескере отырып, жастармен жұмыс жасап, оны шешу – басты мақсат.

Бақытжан АМАНБОЛҚЫЗЫ, Тоғжан ӘБДЕШ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенттері

МӘССАҒАН!

ЖҰМАБЕКПЕН БАЖА БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛМЕЙ МЕ?

– Уа, кімсің?
– Жұмабектің бажасымын. Бажаның кесірі бажаға тиді. Түркістан облысы Отырар ауданының орталығы Шәуілдір ауылында түнеукүні болған оқиға қазір елдің аузында жүр. Қит өткені қыжыртып «Жұмабектің бажасымын» дейтін болған. Тіпті автокөлігінің терезесіне «Жұмабектің бажасымын» дегенді бадырайтып жазып алғандар да бар. Тіпті беташарға барған полицейден де асабаның «Жұмабектің бажасы емессің бе?» деп сұрағаны желіде хит боп жатыр.



(Жалғасы 3-бетте)

ТАҒЫМ

Өзің кетсең, артыңда сөзің қалсын

Айтса айтқандай, «Мен өкпелей алғам жоқ сен сияқты, соны ойласам, жүректі шертеді мұң» деген жолдар да оқырманын толқытпай қоймайды. Салт-сана, дәстүр-әдет деп аталатын ұлт рухы (халықтық) күйдей күмбірлеп, әңдей шертіліп жүр. Әр сөзі өлең, әр дыбысы музыка болғандықтан да, ұлт рухының керуенін сеніммен жетелейді. «Жинақтың жалпы бітімі осы сияқты» деген ойды Әбділдә ақын тек айтпаған болар. Үлкен бедел иесі мұндай мадақты арнауы Есләм поэзиясына деген құрмет пен ізет болса керек.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
67,40

DOLLAR
420

EURO
501

РУБЛЬ
5,68



7 КҮН 168 САҒАТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ИНВЕСТИЦИЯ

Премьер-Министр Асқар Мәмин Әбу Дабидегі жұмыс сапарында Біріккен Араб Әмірліктерінің вице-президенті және премьер-министрі, Дубай әмірі Мұхаммед ибн Рашидпен, БАӘ президент істері жөніндегі министрі, шейх Мансур бен Заид Әл Нахаянмен келіссөздер жүргізді.

Премьер-Министрдің баспасөз қызметі хабарлағандай, тараптар осыған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру барысын және сауда-экономикалық, қаржы-инвестициялық, көлік-логистика, агроөнеркәсіп, туризм, ғарыш, тау-кен металлургиясы, энергетика және басқа да салалардағы

жобаларды іске асыру жөнінде 17 үкіметаралық және коммерциялық келісімге қол қойылды.

БАӘ Қарағанды облысында сумен жабдықтау және су бұру бойынша жобаларды іске асыруға қатысады. Бұл жобалар озық технологияларды беруді және кейіннен Қазақстанда өндірісті жергіліктендіруді көздейді. АӨК жобаларын қаржыландыру үшін Қазақстан мен БАӘ жалпы капиталы \$100 млн болатын бірлескен қор құруға ниетті. АХКО алаңында «E-Banking» саласындағы ынтымақтастық дамитын болады.

Көрсетілген жобалар бойынша еліміздің экономикасына құйылатын инвестицияның жалпы сомасы шамамен \$2,2 млрд құрайды. Инвестициялық

бар жаңа өндірістерді құруды көздейді. Оларды іске асыру ел ішінде жаңа сапалы жұмыс орындарын құруға, озық технологиялар мен іс-тәжірибені енгізуге мүмкіндік береді. Екі ел арасындағы әуе қатынасын кеңейту аясында әмірліктің «Wizz Air Abu Dhabi» лоукостері биылғы мамыр айында «Әбу Даби – Алматы» және «Әбу Даби – Нұр-Сұлтан» бағыттары бойынша тұрақты жолаушылар әуе тасымалын бастайды.

А. Мәмин БАӘ батырларының «Уахат Әл Карам» мемориалына гүл шоқтарын қойып, «Masdar City» эко-қаласының аумағында жүзеге асырылып жатқан жобалармен танысты және Мұхаммед бен Заид атындағы жасанды зерде университетіне барды.

Дубай қаласында Үкімет басшысы Дубай халықаралық қаржы орталығының

АСҚАР МӘМИН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ



(DIFC) және «Дубай инвестициялық корпорациясының» басшылығымен келіссөз жүргізді. Оның барысында ҚР мен БАӘ қаржы-инвестициялық ынтымақтастығын, оның ішінде АХКО алаңында одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.

Жұмыс сапарына стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы – АХКО басқарушысы Қайрат Келімбетов, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров, экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, әділет министрі Марат Бекетаев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов, Қарағанды облысының әкімі Жәніс Қасымбек, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Айдар Әріпханов,

екіжақты ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

Сондай-ақ Үкімет басшысы БАӘ бизнес капитандарымен — «Mubadala» мемлекеттік холдингінің, «Aldar Properties», «ADQ», «Al Dahra Holding», «International Holdings Company» («Royal Group») компанияларының басшылығымен кездесті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша, еліміз бен БАӘ арасында құс фабрикалары мен сүт-тауар фермаларын салу, жеміс пен саңырауқұлақ өндіру және өңдеу, ТМК және геологиялық барлау салаларындағы ынтымақтастық, Екібастұз қаласының өнеркәсіптік аймағында Индустриялық парк құру, Шығыс Қазақстан облысында «Қатонқарағай» туристік кешенін құру, сондай-ақ Қазақстанда электромобильдер компоненттері өндірісін ашу бойынша бірлескен



жобалар қосылған құны мен рентабельділігі жоғары, сондай-ақ ішкі және перспективалы сыртқы нарықтарда сураныстың үлкен әлеуеті

іскер топтарының өкілдері және т. б. қатысты.

Талап ТІЛЕГЕН

Сөз-Жебе

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Ұлттық компанияның бюджеті, еншілес компаниялары, министрліктер мен өкімдіктерге қарасты әр түрлі РМҚК мен ЖШС, мысалы, «СК Фармация» сияқты компаниялардың бюджеті мүмкіндігінше ашық болуы керек. Қоғам алдында қол жеткізілген нәтижелері мен шығыны бойынша есеп берсін. Ұлттық компаниялардың бюджеті ашық болса, айталық, жұмысы өнімді болмай, пандемия кезінде дәрі-дәрмектің жетіспеушілігінен адамдардың өліміне әкеліп соққан «СК Фармация» басшылығы өздеріне ондаған миллион теңге сыйақы жазбас еді. Тағы бір мысал. Мемлекеттік кәсіпорынның бірі – менеджерлерінің фитнеске, спа-салонға баруы үшін салық төлеушілердің қалтасынан 40 млн теңге төлемес еді. Бұл көпшілікке мәлім болған фактілер ғана».

Еңбек өтілі

ӨРТ СӨНДІРУШІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ

Өрт сөндірушінің жалақысы еңбек өтіліне, білігіне және атағына (бір жылға дейінгі еңбек өтілі бар азаматтық қорғау сержанты) байланысты 2020 жылы орташа

есеппен **99 000** теңге, 2021 жылы

108 000 теңге болды.

Еңбек өтілі жоғары өрт сөндірушінің (20 жылдан аса жұмыс өтілі бар азаматтық қорғау сержанты, «1-дәрежелі маман-төлімгер» білігі бар) жалақысы 2020

жылы **160 000** теңгені, 2021 жылы **177 000** теңге болды.

Дереккөзі: ТЖ министрлігі



Аптаның айтары



«ASTRAZENECA БОЙЫНША КЕЛІССӨЗДЕР БОЛҒАН, БІРАҚ ОЛ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША БЕЛСЕНДІ КЕЛІСІМДЕР ЖАСАЛҒАН ЖОҚ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ВАКЦИНАЛАУ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ ЕКЕНІН БІЛІП ОТЫРСЫЗДАР.

БӘРІМІЗ БАҚ-ТАН КӨЗ АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ. КЕЙБІР ЕУРОПАЛЫҚ ЕЛДЕР ВАКЦИНАЛАУДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТЫП ЖАТЫР. БҰЛ ТҰРҒЫДА БІЗ БЕЛСЕНДІМІЗ. КЕРІ ӘСЕРІ МЕЙЛІНШЕ АЗ ДӘРМЕКТЕР БОЙЫНША КӨБІРЕК КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУДЕМІЗ. БҰҒАН ДЕЙІН БІЗ БҰЛ ТУРАЛЫ АЙТҚАНБЫЗ. БІРАҚ ОЛ КЕЛІССӨЗДЕР ЖАСЫРЫН ЖҮРІП ЖАТЫР ДЕУДЕН АУЛАҚПЫН. НАҚТЫ ҚАШАН ЖЕТКІЗІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БАҒАСЫ БОЙЫНША КЕЙІН БӨЛЕК АҚПАРАТ БОЛАДЫ».

Нұрлыбек АСЫЛБЕКОВ, денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Баға

БЕНЗИН бағасы АИ-92

	КЕШЕ	БҮГІН
Қарағанды	154	159
Орал	153	159
Ақтөбе	140	150
Алматы	155	159





Өңірлік даму

Жақында Алматы облысындағы Көксу қант зауытында қуаты 12 мың тонналық құрақ қанты желісі іске қосылды. Бастапқы кезеңде 7,5 мың тонна шикізат өкелінді. Бұдан басқа, қызылша сығындысын қайта өңдеу және түйіршіктелген жем шығару зауытын салу жоспарлануда.



ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖАҚСАРДЫ

«Қамыс құрағынан қант өндіреді» деген тіркестің құлағымызға ерсілеу сезілетіні анық. Алайда «Көксу қант зауыты» ЖШС алдағы уақытта қанттың осы түрін шығармақшы» деген сөзді де естігенімізге біраз жыл болған. Сол жоспар биыл жүзеге асты. Енді тұтынушылар қамыс құрағынан өндірілген қанттың да дәмін татады. Зауыт директоры Алтынбек Абатов тілші қауымды жаңа қондырғылар және олардың жұмыс істеу барысымен таныстырды. Қамыс құрағы мен қант қызылшасынан қант өндірудің соншалықты айырмашылығы жоқ. Десе де, қант зауытында бұрыннан бар қондырғылармен қатар Украина, Австрия, Ресей, Германиядан жеткізілген жаңа қондырғылар мен жапонның автоматты құрылғылары да қатар қолданылады. Екі жылдан бері қосымша қондырғыларды жеткізу, монтаждау, тағы да басқа



шығындарға 600 мың доллар үстінде қаражат жұмсалыпты. Зауыт жаңа өндірісті іске қосқаны бір аптадан асты. Қазір Бразилиядан 7,5 мың тонна шикізат жеткізіліп, қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Биылғы жылғы жоспар бойынша 25-30 мың тоннаға дейін шикізат өндiмекші. Ол күні-түні жұмыс істегеннің өзінде шілде айына дейін созылады. Бұл өңдеу тәсілінің бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, қант зауытындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын көтереді. Бәрімізге белгілі, бұрнағы жылдары «Көксу қант зауыты»

ЖШС күзде ғана қант қызылшасын қабылдап, өңдеп біткенге дейін бас-аяғы 4-5 ай ғана жұмыс істейтін. Ал қалған уақытта зауыттың 500-ге тарта жұмысшысы үйде отыруға немесе басқа жұмыс қарастыруға мәжбүр болатын. Енді зауыт жұмысы жыл бойы тоқтамайды. Зауыт директорының айтуынша, жоспардағы 25-30 мың тонна шикізатты өңдеп біткенше сарша тамыз болады. Одан кейін келесі жылғы қант өңдеу дайындығын жүргізіп, қант қызылшасын қабылдау науқанын басталады. Содан кейін оны өңдеу жұмысы жалғасады. Демек биылдан бастап зауыт жұмысшылары жыл он екі ай тұрақты жұмыспен қамтылады деген сөз. Бұл жаналықты естіген зауыт жұмысшылары да қуанышты. «Мен осы зауытта жұмыс істегеніме, міне, 13 жыл болды. Былтыр, одан бұрынғы жылдары да қант қызылшасы өңделетін 4-5 ай ғана жұмыс істеп, қалған уақытта басқа жұмыс іздеуге тура келетін. Жаңа өндіріс іске қосылғалы жұмысқа білек сыбанып кірістік. Тіпті биыл 8 наурызда бірінші рет сыйақы

алып, қуанып отырған жайымыз бар», — дейді зауыттың зертхана қызметкері Жазира Дүстекова. Қант өндіруге қажетті шикізат Бразилия мен Мексикадан жеткізіледі. Өндірілген қанттың бағасы қолжетімді, сапасы жақсы, тәттілігі мен татымдылығы қант қызылшасынан өндірілген қантпен бірдей. Тағы бір артықшылығы, шикізат алғашқы өңдеуден өтіп, қатты қант күйінде жеткізілетіндіктен, қайта өңдеуге жұмсалатын шығын аз. Зауыт тек шикізатты ұсақтап, оны ағартып, құрамындағы қант элементінен басқа заттарды шығарып тастап, таза күйінде тұтынушыларға ұсынады. «Әдетте қант қызылшасынан қант өндіргенде шикізаттың тек 12 пайыз мөлшерінде таза қант алынаса, ал қамыс қанты шикізатын қайта өндiргенде өнімділігі 97-98 пайыз мөлшерінде болады. Бағасы

базар нарығымен бірдей», — дейді зауыт директоры. Көксу қант зауытындағы жағымды жаңалық бәрімізді қуантады. Әсіресе, жылдың осы уақытында еңбекқандыққа қағалып, үйінде жұмыссыз отыратын жұмысшылар үшін қуаныш еселенсе түскенін байқалды. Оның үстіне, зауытта өндірілген қанттың бұл түрі шетелге экспортталмайды. Демек елдегі қантқа сұранысты толықтырып, нарықтағы бағаны арзандатуға септігі тиеді. Қажет АНДАС, Алматы облысы

Қорған

«Елдің шетінде, желдің өтінде». Шекарашыларға қатысты осы бір нақыл тегін айтылмаған. Абыройлы да күрделі мамандық қажымас қайрат пен темірдей төзімділікті қажет етеді. Ең бастысы, санада патриоттық сөзім қалыптасуы керек. Елімізде шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық ұйымы өз қызметін осы мақсатта жүргізеді. Шекарашы жастармен үнемі жұмыс істеп, оларға аталмыш саланың қыр-сырын баяндап, тәжірибесімен бөліседі. Біз осы ұйымның Алматы қалалық бөлімшесінің төрағасы, запастағы генерал-майор Марат Мәжитовпен арнайы кездесіп, шекара қызметі жайында әңгімелестік.

Жас қазақ: Марат Әлімжанұлы, білуімізше, шекарашы болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Өзіңіз осы жолды қалай таңдадыңыз? М.Мәжитов: Мен Солтүстік өңірдегі Петропавл қаласы маңындағы ауылда өмірге келдім. Біздің кезімізде шекарашы деген мамандықтың бар екенін білмейтінбіз. Әкем өмір бойы ұстаздық етіп, қалалық білім басқармасында көп жылдар қызмет еткен адам. Әкем төрт баласына білім беру үшін ауылдан қалаға көшіп, біздің білімді болуымызға жағдай жасады. Шекарашылар туралы тек кинодан көретінмін. Сонда әскери өмірге қызықтым ба, мектеп бітіретін жылы әскери саланы таңдадым. Сөйтіп Алматыдағы әскери училищеге оқуға түстім. 1981 жылы оқуымды тәмамдап, ең алғашқы әскери



Марат МӘЖИТОВ:

ПАТРИОТ ЖАСТАР ӨСІП КЕЛЕДІ

қызметім Қырғызстанда басталды. Ол жерде комманданттың орынбасарына дейін көтерілдім. 1988 жылы Ауғанстанда болдым. Одан кейін Фрунзе қаласындағы әскери академияда оқыдым. 1992 жылы Кеңес одағы тарап, еліміз егемендігін алғаннан кейін туған жерге оралдым. Елге келгеннен кейін Мәкәншы, Күршім, Шонжы, Нарынқол заставаларында қызмет еттім. 2004

Тәжікстан көрші елдерден көмек сұрады. Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан көмекке келді. Біздің елдің сарбазы Р.Батырханов қактығыста жанқиярлық ерлік көрсетті. Айналасындағы командасын қауіптен құтқарды. Бүгінде Батырханов есімі Күршім заставасына берілді. Бізде патриот жастар бар. Осындай жастардың өсіп келе жатқаны қуантады.



жылы еліміз оңтүстік-батыс шекараларын айқындай басталды. Арал мен Қырғызстан, Өзбекстан аралығында қызмет еттім. Ең қиын сол кез еді. Шекараны нығайтудағы еңбегім үшін 2005 жылы генерал атағын иелендім. Одан кейін әскери институтты басқардым. Бүгінде ардагер зейнеткер болсам да, шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық ұйымы Алматы қалалық филиалының төрағасы қызметіндемін. Жас қазақ: «Застава тарландары» қоғамдық ұйымының мақсаты не? Жас сарбаздарға тәлім-тәрбие беруде қандай жұмыстар атқарылды? М.Мәжитов: 2018 жылдан бастап осы ұйымның Алматы филиалын басқарамын. Біздің

Жас қазақ: Болашақта шекарашы мамандығын таңдаған жас сарбаздарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз? Тәжірибелі маман ретінде шекарашы ең алдымен нені есте сақтауы керек деп ойлайсыз? М.Мәжитов: Шекарашы мамандығы — өмірлік мамандық. Бұл мамандықты таңдаған әрбір адам оның маңызын түсіне білуі керек. Патриоттық сезім бір күнде ғана келе салатын дүние емес. Ол айналасына, тәрбиесіне, адамдардың бір-біріне қарым-қатынасына байланысты, көре-жүре пайда болатын сезім. Біздің сарбаздар күннің ыстығы мен суығына, дауыл мен бурқасына қарамастан, өз қызметін адал атқарады. Шекара күзетіп жүрген




ұжымның басты мақсаты — жауынгерлерге патриоттық тәрбие беру. Ұйым түрлі шаралар ұйымдастырады. Атап айтсақ, қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардиямен бірлесіп, шекара қызметін насихаттау, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге арналған түрлі кездесулер өтті. Көктемде шақырылатын жас сарбаздарға ардагер қызметкерлер өз тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-көнесін береді. Одан бөлек, ардагерлерімізге көңіл бөлініп, оларға қуаныш сыйлау мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Алдағы уақытта

жауынгердің санасында Отанның тыныштығы, қауіпсіздігі бірінші орында. Сондықтан осы жолды таңдаған жастар екі нәрсені ұмытпауы керек. Біріншісі — мамандық. Сен ол мамандықты жүрекпен таңдауың керек. Екіншісі — отбасы. Адам отбасын құруда дұрыс таңдау жасай білуі тиіс. Осы екеуі дұрыс таңдалса, өмір жолың да ашық болады. Жас қазақ: Әңгімеңізге рахмет! Макпал НОҒАЙБАЕВА



СПОРТ Өткен аптада Алматы маңындағы «Шымбұлақта» фристайлдан әлем кубогының кезеңі мен әлем чемпионы өтті. Фристайлдың могул және шаңғы акробатикасынан әлемнің таңдаулы спортшылары Алатаудың ақ қары үстінде ойқастады. Әлемнің 19 елінен 140 спортшы бақ сынап, медаль жиынтығын бөліске салды. Дүбірлі доданы ұйымдастыру алқасы осы аламанға сарапшылар, төрешілер, техникалық қызметкерлерді қосқанда, 280 делегат келді дейді. 40-тан астам телеарна әлемнің әр қиырына «Шымбұлақтың» шыңындағы сайысты таратты.



АЛАТАУДА – ӘЛЕМ

ЧЕМПИОНАТЫ



Спортшыларымыз сайыстың алғашқы күнінен-ақ қанжығамызға медаль бөктерді. Юлия Галышева могулда күміс жүлдегер атанды. Павел Колмаков қола медальды иеленді. Әлем чемпионатының алтын медалі француз Перрин Лаффонға бұйырса, қола медальға ресейлік Анастасия Смирнова ие болды. Ерлер арасындағы сында қазылар канадалық Микаэль Кингсберидің өнерін алтынға, француз Бенджамин Кавенің өнерін күміс медальға лайық деп бағалады. Қысқы спорт түрлері, оның ішінде могулда енді Анастасия Городконың есімі ерекше аталатын болады. 15 жастағы өскемендік қыз параллельді могулда әлем чемпионатының қола медалін олжалады. Ресейлік Анастасия Смирнова алтын, оның отандасы Виктория Лазаренко күміс медаль иеленді.



Фристайл могулдан әлем чемпионаты мәресіне жеткен соң шаңғы акробатикасынан әлем кубогының финалдық кезеңі жалауын желбіретті. Сенім артқан Жанбота Алдабергенова іріктеу сынынан да сүрінбей, финалдық сайыста

шеберлігін паш етіп, қола медальға ие болды. Әлем кубогы кезеңінің алтын медалі канадалық Мэрион Тэноға, күміс жүлде ресейлік Любовь Никитинаның еншісіне жазылды. Ерлер арасында швейцариялық Пирмин Вернердің шеберлігі жоғары бағаланды. Күміс медальды да осы елдің шаңғы акробаты Николаас Гигаас олжалады. Қола медальды канадалық Льюис Ирвингке бұйырды.

Қуаныш РАХМЕТ, Алматы қаласы *Супертер* pressa@eventvenue.kz



БАЛА БҒЕЙНЕ Балалық шақ десе, қырда алаңсыз асыр салып ойнаған бал күндерім ойыма оралады. Шыбықты ат жасап, үйді айналып жүгіретін кездер-ай!

Балалық шағым Қызылорда облысындағы Сырдария ауданында өтті. Табиғаты көркем, ғажайып мекен. Отбасында ұл бала жоқ болғандықтан, еркекшора болып өстім. Әкем екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, тұтқынға түскен. Бірақ, әйтеуір, елге аман-есен оралды. Мен 1948 жылы сұрапыл соғыстан кейін өмірге келген баламын. Кішкентайымнан табиғатым өзгеше болған сияқты. «Қызым, сенің кішкентай кезіндегі қылықтарың ерекше еді, дені дұрыс қыз бола ма, өзі» деп алаңдайтын едім», – деп анам

Ғазиза ӘБДІНӘБИЕВА, Қазақстан еңбек сіңірген өртісі:



Етегім бауырсаққа толып, көйлегім майға шыланатын

үнемі айтып отыратын. Өзіммен қатарлас қыздар қуыршақ ойнаса, мен шыбыкка мініп алып, үйді



айналып, былдырлап өлең айтып жүреді екенмін. Сол ойнағаннан күні бойы үйді айналып жүре беремін. Біз отбасында үш қызбыз. Үйде ұл бала болмағандықтан, әкеме мен ерекше жақын болып өстім. Өзімді ұл балаша ұстадым. Тіпті бой түзеу есейгенше, әкемнің жанынан бір елі калмадым. Әкем малшы еді. Малды өріске айдаса, бірге барамын. Көрші ауылға барса, қасынан калмаймын. Атын ерттеп, қомпа әкемнің жағдайын жасап жүремін. Өзім де аттан түспеймін. Бір күні мінген атым тышқан ініне сүрініп құлады. Мен сол құлаған жерде ұйықтап

күпәйке, басымызға түбіт орамал орап жүреміз. Үйдің ортасында ошақ бар. Сонда мен қалың киімді шешпестен, ошақтағы отқа қарап отырады екенмін. Алаулаған жалынға ұзақ уақыт қарап отыра берген ұнайтын. Тіпті денемді тер басса да қозғалмаймын. Анам «қызым, киімнің шеше ғой, терлеп кеттін ғой» десе, сол отырған жерімде жерге жатып алып жылаймын. Сол жылағаннан ұйықтап кетеді екенмін. Біздің кезімізде Наурыз мерекесі ерекше тойланатын. Айт кезінде айтшылаймыз. Ауыл аралап, бір-бірінің үйіне кіріп, жұрт арка-жарқа болып жатады. Осындай мерекенің бірінде анам маған әдемі көйлек тігіп берді. 3-4 ай сайын көйлек ауыстырып, жана киім киетін әдет кішкентайымнан қалса керек. Әдемі көйлекті көрсетіп, көрімді алу үшін бүкіл ауылды аралап шығамын. Етегім бауырсаққа толғанда жаңа көйлегім майға шыланып, үйге қайтамын. Міне, менің балалық шақ дегенде ойыма оралатын кимас естеліктерімі осы. Соғыстан кейінгі жаймашуақ күндер, ел еңсесін енді-енді көтеріп жатқан сәт. Туған жерімнің әсем табиғаты көз алдымнан кетпейді.

Жазып алған **МАКПАЛ НОҒАЙБАЕВА**

Grammy алған алғашқы қазақ

Қазақтың қарапайым баласы, диджей Иманбек Зейкенов Grammy сыйлығын жеңіп алды. Оның америкалық рэпер SAINT JHN-ның Roses композициясына жасаған ремиксі ең үздік деп танылды. Айта кетейік, жеңімпазды АҚШ ұлттық дыбыс жазу академиясының мүшелері жасырын дауыс беру арқылы таңдайды. Дегенмен былтыр ғана аты шыққан Иманбектің жеңіске жететінін сарапшылар алдын ала болжап қойыпты. Жүлде құтты болсын, Иманбек!

БАСПАСӨЗ – 2021

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Әврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС – жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші
Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәрия АЙТБАЙ – Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы
Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2251; Бағасы келісім бойынша
Апталық таралым – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № КЗ23РҮ00020470 куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.